

"Геодезиялық пункттерді қорғау, бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) туралы қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 20 шілдедегі № 319 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 353/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 26 желтоқсанда № 19763 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 13 наурыздағы № 90/НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 13.03.2023 № 90/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Геодезиялық пункттерді қорғау, бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) туралы қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 20 шілдедегі № 319 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14172 болып тіркелген, 2016 жылғы 21 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Геодезиялық пункттерді қорғау, бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) туралы қағидаларда:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) уәкілетті орган – геодезия және картография саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;"

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Рұқсат алу үшін заңды және жеке тұлғалар (бұдан әрі – өтініш берушілер) уәкілетті органға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) өтінішті (бұдан әрі – өтініш) электрондық нысанда www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы береді.";

12-тармақ алып тасталсын;

13, 14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Уәкілетті орган өтініш тіркелгеннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде оны зерттеу жүргізу үшін топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстар жүргізуді жүзеге асыратын ведомстволық бағынысты кәсіпорынға (бұдан әрі – ведомстволық бағынысты кәсіпорын) жолдайды.

Ведомстволық бағынысты кәсіпорын 6 (алты) жұмыс күні ішінде бұрыннан бар геодезиялық желіні дамыту және жаңарту перспективаларын анықтауды, сондай-ақ қатар геодезиялық пункттің орналасқан аумағына бара отырып, осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес геодезиялық пункттердің тығыздығын анықтауды қамтитын зерттеу жүргізеді.

14. Ведомстволық бағынысты кәсіпорын 1 (бір) жұмыс күні ішінде зерттеу нәтижелері бойынша уәкілетті органға геодезиялық пункттердің тығыздығын, бұрыннан бар геодезиялық желіні дамыту және жаңарту перспективаларын ескере отырып, геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) болатындығы немесе болмайтындығы туралы оң не теріс қорытынды жолдайды.

15. Уәкілетті орган оң қорытынды алған жағдайда, 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес рұқсатты ресімдейді және береді немесе теріс қорытынды алған жағдайда, Заңның 16-бабы 1-1-тармағында көзделген негіздер бойынша көрсетілген мерзімдерде рұқсатты беруден бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды және өтініш берушіге жолдайды.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Уәкілетті органның рұқсат беруден бас тарту туралы шешімімен келіспеген жағдайда, өтініш берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органның шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдануға құқығы бар.";

көрсетілген бұйрыққа 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Геодезия және картография комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында

көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер беруді қамтамасыз етсін

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі*

А. Жумағалиев

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің
2019 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 353/НҚ бұйрығына
1-қосымша

Геодезиялық пункттерді қорғау,
бұзу немесе қайта салу
(орнын ауыстыру)
туралы қағидаларға
2-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігінің Геодезия және
картография комитетіне

(тұлғаның аты, әкесінің
аты (бар болса), тегі,

немесе заңды тұлғаның
толық атауы)

Нөмірі _____

" ____ " _____ 20__ жыл

Геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) өтініш

(облыс, аудан, елді мекен)


аумағында орналасқан геодезиялық пунктті бұзуға немесе қайта салуға
(орнын ауыстыруға) рұқсат беруді сұраймын.

Геодезиялық пункттің атауы немесе нөмірі _____

Геодезиялық пунктті бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға)
өтініштің себебі

(себепін көрсету)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын
мәліметтерді пайдалануға келісемін.



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи»
равнозначен документу на бумажном носителе.

Қазақстан Республикасы Цифрлық
даму, инновациялар және
аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігінің
Геодезия
және картография комитеті



Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің
2019 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 353/НҚ бұйрығына
2-қосымша

Геодезиялық пункттерді қорғау,
бұзу немесе қайта салу (орнын
ауыстыру) туралы қағидаларға
3-қосымша

Нысан

Комитет геодезии и картографии
Министерства цифрового развития
,
инноваций и аэрокосмической
промышленности Республики
Казахстан

Геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (орнын ауыстыруға) рұқсат


Нөмірі _____ "___" _____ 20__ жыл

Жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса) тегі не заңды тұлғаның толық
атауы

Геодезиялық пункттің орналасқан орны _____

(облыс, аудан, елді мекен)

Қорытынды



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК